



**KAZZINC
ZHAIREM**

«Марганец Жайрема» АҚ
Директорлар кеңесінің сырттай
отырысының 2020 жылғы 16
қыркүйектегі №5 шешімімен
БЕКІТІЛДІ

Жарамдылық мерзімі: мерзімсіз

**«Марганец Жайрема» АҚ инсайдерлік ақпаратқа иелік ету
және оны пайдалануды ішкі бақылау
ЕРЕЖЕЛЕРІ**

2020 ж.

Алғысөз

1 «Марганец Жайрема» АҚ Директорлар кеңесінің 2020 жылғы «16» қыркүйектегі №5 сырттай отырысының шешімімен **БЕКІТІЛГЕН**

2 «Марганец Жайрема» АҚ Жарғысының, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының, ҚР Ұлттық банкі Басқармасының 26.07.2019 жылғы №124 қаулысының негізінде **ӘЗІРЛЕНГЕН**

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Негізгі түсініктер	4
3	Қоғамның инсайдерлеріне, инсайдерлікке қатысты ақпараттар тізімі	4
4	Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімі	7
5	Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығын шектеуге және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмауға арналған ішкі бақылау тәртібі	7
6	Инсайдерлердің тізімі, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғалар туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімі, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғаларды инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығына ие тұлғалар тізімге енгізген (тізімінен шығарған) жағдайда оларға хабарлама жіберу тәртібі мен мерзімі	8
7	Инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету тәртібі	10
8	Қорытынды ережелер	11
	№1 Қосымша - «Марганец Жайрема» акционерлік қоғамының инсайдерлік ақпараттарына қолжетімділік құқығына ие тұлғалар тізімі (Форма)	12
	Қосымша №2 - инсайдерлік ақпаратқа қатысты мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттеме (Форма)	13
	Қосымша №3 - «Марганец Жайрема» акционерлік қоғамының инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқығына ие тұлғалар тізіміне енгізу (тізімінен шығару) туралы хабарлама (Форма)	14
	Танысу парағы	15
	Өзгерістерді тіркеу парағы	16

1 Жалпы ережелер

1.1 Осы Ережелер «Марганец Жайрема» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам немесе «Марганец Жайрема» АҚ) ішкі құжаты болып табылады, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 56-1 бабының, ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.07.2019 жылғы №124 Қаулысының талаптарына, Қоғамның ішкі құжаттарына сай әзірленді және бекітілді, Қоғамның қызметіне қатысты саналатын және жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпараттарға иелік ету және оларды пайдалануды бақылаудың тәртібі мен шарттарын белгілейді.

1.2 Осы Ережелер инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және оны пайдалануды ішкі бақылауды жүзеге асыру тәртібін реттейді және мыналарды қамтиды:

- 1) Инсайдерлікке жататын ақпарат тізімін;
- 2) Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен мерзімін;
- 3) Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығын шектеуді және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмауды;

- 4) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқығына ие тұлғалар тізімін жүргізу, өзгерістерді енгізіп отыру тәртібін;

- 5) Қоғамның инсайдерлері тізіміне енгізу және одан шығару туралы тұлғаларды хабардар ету, сондай-ақ аталған тұлғаларды заңнама мен осы Ережелердің талаптары туралы ақпараттандыру тәртібі мен мерзімін;

- 6) Қоғамға Ережелердің 3 бабының 3.6 тармағының 4), 5), 6) және 9) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалардың өзінің қызметтік бабы мен еңбек міндеттемесіне сай эмитенттің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқығына ие қызметкерлері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімін;

- 7) Қоғамға инсайдерлік ақпаратына иелік ету және оны пайдалануды бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін басқа да ережелерді.

2 Негізгі түсініктер

2.1 Осы Ережелерде пайдаланылатын түсініктер мыналарды білдіреді:

- 1) инсайдер – инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлға;

- 2) инсайдерлік ақпарат – Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының талаптарына сай инсайдерлік деп танылған ақпарат: бағалы қағаздар (туынды қаржылық құралдар) туралы, олармен мәміле, сондай-ақ коммерциялық құпияны құрайтын олардың қызметін жүзеге асыратын бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдардың) шығарылуы, эмитенті туралы, сондай-ақ ашып көрсетілуі бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдардың) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне әсер етуі мүмкін үшінші тұлғаларға белгісіз өзге ақпарат;

- 3) Қоғамның қызметі туралы жалпыға қолжетімді ақпарат – қолжеткізу үшін шектеулерді талап етпейтін немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сай ашылатын ақпарат.

2.2 осы Ережелерде пайдаланылатын Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен анықталған түсініктерге ұқсас басқа да түсініктер.

3 Қоғамның инсайдерлеріне, инсайдерлікке қатысты ақпараттар тізімі

3.1 Инсайдерлік ақпаратқа ақпараттың келесі түрлері жатады, бірақ онымен шектелмейді:

- 1) Қоғамның бағалы қағаздары және олармен жасалған мәміле туралы шынайы ақпарат;

2) Қоғам қызметімен жүзеге асырылатын коммерциялық құпиядан тұратын ақпарат және ашылуы Қоғамның бағалы қағаздарының құны мен оның қызметінің өзгеруіне әсер етуі мүмкін, үшінші тұлғаларға белгісіз ақпарат:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер туралы;
- 2) Қоғам органдарының құрамын сайлау (өзгерту) туралы;
- 3) Қоғамның дауыс беру акцияларының он және одан да көп процентіне иелік ететін акционерлер құрамындағы өзгерістер туралы;
- 4) Қоғамның директорлар кеңесімен немесе осы шешімді қабылдауға уәкілетті тиімлі органымен қабылданған келесі шешімдер туралы:
 - Акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы;
 - Жарияланған акциялар санының шегінде акцияларды орналастыру және сату, оның ішінде орналастырылған (сатылған) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы;
 - Егер Қоғаммен сатып алынған акциялар саны жалпы орналастырылған акциялар санының бір процентінен асатын болса, Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы туралы, оларды сатып алу бағасы туралы;
 - Облигацияларды және туынды бағалы қағаздарды шығару туралы;
 - Ірі мәмілелер жасауы және бірмезгілде келесі талаптарға жауап беретін мәмілелерді жасау туралы: жасалуына акционерлік қоғам мүдделі болып табылатын мәмілелер және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он не одан да көп процентін құрайтын мүлікті сатып алу не сатуға байланысты мәмілелер.

5) Қоғамның бағалы қағаздарын және өзге де ақшалай міндеттемелерін Қоғамның жай акцияларына айырбастау туралы;

6) Қоғамның орналастырылған акцияларын Қоғамның акцияларының бір түрінен екінші түріне ауыстыру туралы;

7) Қоғам әр ұйымның акцияларының (үлесінің, жарнасының) он және одан да көп процентін иеленетін ұйымдар тізіміндегі өзгеріс туралы;

8) Ірі мәмілелер жасауы және бірмезгілде келесі талаптарға жауап беретін мәмілелерді жасау туралы: жасалуына акционерлік қоғам мүдделі болып табылатын мәмілелер және акционерлік қоғамның уәкілетті органы осындай мәміле жасау туралы шешім қабылдаған күнгі жағдай бойынша құны акционерлік қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он не одан да көп процентін құрайтын мүлікті сатып алу не сатуға байланысты мәмілелер.

9) Қоғамның мәжбүрлі жойылуы немесе қайта құрылуы жөнінде, сондай-ақ еншілес және тәуелді ұйымдардың мәжбүрлі жойылуы не қайта құрылуы жөніндегі сот шешімі туралы;

10) Қоғамның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын мүлкін кепілге (қайта кепілге) беру туралы, сондай-ақ Қоғамның оның осы эмитент активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын мүлкін кепілден (қайта кепілден) шығару туралы;

11) Қоғамның оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын мүлкіне тыйым салу (тыйым салуды алу) туралы;

12) Қоғамның оның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын көлемде қарыз алуы туралы, сондай-ақ негізгі қарызды толықтай жабуы және осы қарыз бойынша сыйақы аударылуы туралы;

13) Нәтижесінде Қоғамның активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын мүлкі жойылған төтенше сипаттағы жағдайдың орын алуы туралы.

14) Сотта корпоративті дау бойынша іс қозғалуы туралы;

15) Қоғам қызметінің негізгі түрлерін өзгерткені туралы;

16) Қоғамның Жарғысыа, эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару проспектісіне, Қоғамның коммерциялық құпиялылық туралы ережесіне және Қоғамның басқа ішкі құжаттарына сай Қоғам акционерлерінің және (немесе) инвесторларының мүдделеріне тиетін басқа да жағдайлар туралы.

3.2 Ақпаратты осы баптың 3 тармағына сай жалпыға қолжетімді деп таныған сәтке дейін Қоғам инсайдерлік ақпаратты қорғау және сақтау бойынша Қоғамның таралуы шектелген ақпараттармен жұмыс тәртібін реттейтін және құпиялылықтың мұндай режимін қамтамасыз ету, қорғау, сақтау, пайдалану талаптары мен жалпы қағидаларын қамтитын ішкі құжаттарына сай, Қоғамның таралуы шектелген ақпаратына қолжеткізу тәртібі мен шарты, оны пайдалану ережелері мен сақталуын қамтамасыз ету тәртібіне сай шаралар қолданылады.

3.3 Қоғамның қызметі туралы жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпарат егер Қоғамның мүліктік және қаржылық жағдайы салдарына байланысты Қоғаммен шығарылған (ұсынылған) бағалы қағаздар (туынды қаржылық құралдар) құнына әсер етуге қабілетті болса, оны ресми ашқанға (жариялағанға) дейін инсайдерлік ақпаратқа жатады.

3.4 Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатпайды:

1) инвестициялық шешім қабылдау және (немесе) бағалы қағаздармен (туынды қаржылық құралдармен) операцияларды жүргізу туралы ұсыныс немесе кепілдеме дайындауда жүргізілген Қоғамның мүліктік жағдайына, бағалы қағаздардың (туынды қаржылық құралдардың) құнына қатысты зерттеулерді, болжамдар мен бағаны қоса алғанда, жалпыға қолжетімді мәліметтердің негізінде дайындалған ақпарат;

2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпараттар;

3) тұлғалардың арасында кеңінен таратылған дереккөзі белгісіз, расталмаған ақпарат, сондай-ақ Қоғамның ағымдағы немесе жоспарлы қызметіне қатысты болжамдар.

3.5 Инсайдерлік ақпаратты жаңартылған күйде ұстауды Қоғаммен тағайындалған лауазымды тұлға талдау жүргізу арқылы жүзеге асырады, қажет болғанда мерзімді негізде оны жаңа редакцияда бекітуге шара қолданады.

3.6 Қоғамның инсайдерлері деп танылған тұлғалар:

1) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері;

2) Қоғам басқармасының төрағасы және мүшелері;

3) Қоғамның қызмет бабы мен еңбек міндеттеріне байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие қызметкерлері;

4) Қоғамның дауыс беру акцияларының 10 (он) және одан да көп пайызын тікелей не жанама ұстаушы болып табылатын және (не) тікелей не жанама иелік ететін тұлғалар;

5) Талаптарында банктің инсайдерлік ақпаратын ашу қарастырылған келісімшартқа (оның ішінде ауызша) сай Қоғамның қаржылық есептілігіне аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйым, Қоғамға қызмет көрсететін бағалаушы, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары және басқа да тұлғалар;

6) Тізіміне Қоғамның бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда ұйымдастырушысы;

7) Сауда жүйесінде Қоғамның бағалы қағаздарымен және басқа да қаржылық құралдарымен келіссөздер жасалатын қор биржасы директорлар кеңесінің және листингті комиссиясының мүшелері;

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің және оның ведомстволарының қызметкерлері, өздеріне берілген функциялар мен өкілеттілікке байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие мемлекеттік қызметшілер;

9) Қоғам мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер және кәсіби ұйымдар және осы тармақтың 4), 5), 6) тармақшаларында көрсетілген, өздеріне берілген өкілеттілікке

байланысты инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие ұйымдар;

10) Осы тармақтың 4), 5), 6), 9) тармақшаларында көрсетілген ұйымдардың олардың қызмет бабы мен функциональдық міндеттемелеріне сай инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие қызметкерлері;

11) осы тармақтың 1) – 10) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардан инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

4 Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімі

4.1 Инсайдерлік ақпаратты ашу қаржылық есептіліктің депозитарийінің және/немесе www.dfo.kz, www.kase.kz адресі Қоғамның қор биржасының интернет-ресурстарында заңнамамен, уәкілетті органның нормативті-құқықтық актілерімен, қазақстандық қор биржасының листингтік ережелерімен және листинг туралы шартпен, Қоғам Жарғысымен және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіпте, мерзімде, формада жүзеге асытырады.

4.2 Инсайдерлік ақпаратты тізімі осы Ережелермен белгіленген бірнеше дереккөздерге орналастыру (жариялау) жолымен ашу кезінде инсайдерлік ақпаратты ашу күні болып инсайдерлік ақпаратты бірінші орналастырған (жариялаған) күн есептеледі.

5 Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығын шектеуге және мұндай ақпаратты инсайдерлердің заңсыз пайдалану мүмкіндігін болдырмауға арналған ішкі бақылау тәртібі

5.1 Қоғам Қоғам туралы инсайдерлік ақпаратқа және оның шығарылған бағалы қағаздарына иелік етуді және пайдалануды келесі шараларды жүргізу арқылы бақылауды қамтамасыз етеді:

1) Қоғамның қызметіне қатысты және жалпыға қолжетімді болып табылмайтын ақпараттың, егер бұл ақпарат Қоғамның мүліктік және қаржылық жағдайы салдарына байланысты Қоғамның шығарылған бағалы қағаздарының құнына әсер етуге қабілетті болса, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген жағдайда және тәртіпте ашылуы;

2) ішкі бақылау Ережелерін әзірлеу және бекіту, сондай-ақ осы Ережелер талаптарын Қоғам қызметкерлерімен орындалуына бақылауды жүзеге асыру;

3) Қоғамның, оның лауазымды тұлғаларының және қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі бақылау Ережелерінің талаптарын орындауына бақылау жүргізу міндетіне жататын лауазымды тұлғаны тағайындау;

4) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалар тізімін жүргізу және жаңартып отыру;

5) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалардың тізіміне енгізілген тұлғаларды тізімге енгізілгені (тізімнен шығарылғаны) туралы хабардар ету, аталған тұлғаларды заңнама мен осы Ережелердің инсайдерлік ақпаратына иелік ету және пайдалануға қатысты талаптары туралы ақпараттандыру;

6) Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалардың тізімін уәкілетті орган талабы бойынша ұсыну;

7) Қоғамның басқа ішкі құжаттарымен қарастырылған басқа шараларды жүзеге асыру.

5.2 Инсайдер міндетті:

– Оған қызмет бабымен немесе басқа жолмен белгілі болған Қоғамның инсайдерлік ақпаратына жататын мәліметті қатаң құпиялықта сақтауға;

– Өзінің қызметтік міндеттемелеріне байланысты қолжетімділік алған Қоғамның инсайдерлік ақпаратын қамтитын мәліметтермен және құжаттармен ғана жұмыс істеуге,

нақты қандай мәліметтердің қорғауға жататынын білуге, сондай-ақ оларды пайдалану ережелерін қатаң сақтауға.

5.3 Инсайдер өзіне қолжетімді Қоғамның инсайдерлік ақпаратын қамтитын мәліметтермен жұмыс істеуге қай қызметкерлерге рұқсат етілгенін және ол мәліметтердің осы қызметкерлерге қандай көлемде жеткізілуі мүмкін екенін білуге.

5.4 Қоғамның инсайдер-қызметкерлері басқа ұйымдардың жұмысына қатысқан кезде олардың өкілдерін Қоғамның инсайдерлік ақпаратын қамтитын мәліметтермен Тараптардың инсайдерлік ақпаратты жарияламау туралы жасаған келісімдері бойынша ғана таныстыра алады. Бұл кезде қызметкер бастығы қарастыруға жататын нақты сұрақтарды анықтауы және қорғалатын ақпараттың кімге және қандай көлемде жеткізілуі мүмкін ететін көрсетуі керек.

5.5 Қоғамның инсайдер-қызметкері Қоғамның инсайдерлік ақпаратын қамтитын құжаттардың жоғалуы немесе жетіспеушілігі туралы, сондай-ақ мұндай мәліметтердің таралу мүмкіндігінің себептері мен шарттары туралы бөлім немесе Қоғам басшысына дереу хабарлауы керек.

5.6 Бөтен тұлғалар не ұйымдардың, оның ішінде шетелдік тұлғалар мен ұйымдардың Қоғамның инсайдерлік ақпаратын алуға әрекет еткен жағдайында Қоғамның инсайдер-қызметкері ол туралы бөлім немесе Қоғам басшысына дереу хабарлауы керек.

5.7 Қоғамның инсайдерлік ақпаратын тарату, оны үшінші тұлғаларға беру, кәсіпорының келісімінсіз жариялау, сондай-ақ Қоғамға және (немесе) Қоғам акционерлеріне зардабын тигізетін бәсекелестік әрекет ретінде кез келген қызметте қолдану үшін пайдалану заңнамаға сай жауапқа тартылады.

6 Инсайдерлердің тізімі, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғалар туралы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімі, инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғаларды инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығына ие тұлғалар тізімге енгізген (тізімінен шығарған) жағдайда оларға хабарлама жіберу тәртібі мен мерзімі

6.1 Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сай осы Ережелердің 3 бабының 3.6 тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 6) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларды олардың инсайдерлік ақпаратқа қолжеткізу құқығына тұрақты не уақытша негізде ие екендігіне қарамастан осы Ережелерге №1 қосымшасындағы форма бойынша инсайдерлер тізіміне енгізеді. Инсайдерлер тізімі тұрақты негізде ұдайы жанартылған күйде жүргізілуі және ұстауы керек.

6.2 Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалар тізімін Қоғам қаржылық нарықты және қаржылық ұйымдарды бақылау және қадағалау, реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органға оның жазбаша талабы бойынша талапқа көрсетілген мерзімде Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалар туралы ақпаратты ашып және оған қоса төмендегідей мәліметтерді ұсынады:

- 1) Жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні;
- 2) Заңды тұлғаның атауы, орналасқан орны, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркелуін) растайтын құжат деректемелері;
- 3) Тізімге енгізуге негіздеме;
- 4) Тізімге енгізуге негіздеменің туындаған күні;
- 5) Тізімнен шығарылған күні.

6.3 Инсайдерлер тізімін Қоғамның тағайындалған лауазымды тұлғасымен төмендегі мәліметтер негізінде жүргізіледі:

6.3.1 Қоғам қызметкерлеріне қатысты:

– Қоғамның инсайдерлері деп танылған тұлғалар тізіміне сай қызметкерді тізімге қосуға негіздеме туындаған күннен не инсайдерлер тізімнен шығарылған күннен үш күн

мерзімде жазбаша түрде жеке тұлғаның фамилиясын, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), туған күнін, лауазымын, оны тізімге енгізуге негіздеме туған күнін, инсайдерлер тізімінен шығарылған күнді көрсетіп Қоғамның персоналмен жұмыс жөніндегі қызметі жүргізеді.

6.3.2 Қоғамның дауыс бері акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он немесе одан да көп процентін тікелей не жанама ұстау, пайдалану және (немесе) иелік ету арқалы инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғаларға қатысты:

а) Жеке тұлғалар:

– тізімге қосуға негіздеме туындаған күннен не инсайдерлер тізімнен шығарылған күннен бес күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде төмедегілерді көрсетіп осы тұлғалармен жүргізіледі:

1) Жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні;

2) Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме;

3) Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме туындаған күн;

4) Инсайдерлер тізімінен шығарылған күн;

б) Қызмет бабы мен еңбек міндеттемелеріне байланысты Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие қызметкерлер мен заңды тұлғаның өзі туралы заңды тұлғалар жүргізеді:

– Сол заңды тұлғаның уәкілетті тұлғасымен тізімге қосуға негіздеме туындаған күннен не инсайдерлер тізімнен шығарылған күннен бес күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде төмедегілерді көрсетіп жүргізіледі:

1) Жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні;

2) Заңды тұлғаның атауы, орналасқан орны, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркелуін) растайтын құжат деректемелері;

3) Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме;

4) Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме туындаған күн;

5) Инсайдерлер тізімінен шығарылған;

6.3.3 Осы Ережелердің 3 бабының 3.6 тармағының 5)-6) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлерге қатысты:

– Талаптарында инсайдерлік ақпаратты ашу және Қоғамға келесі мәліметтерді жазбаша түрде көрсетілген мерзімде ұсыну қарастырылған қызмет көрсету туралы шартын жасаған күннен бес жұмыс күні ішінде осы инсайдерлермен жүргізіледі:

1) Өзінің қызмет бабы мен еңбек міндеттемелерін орындау кезінде Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие жеке тұлғалардың фамилиялары, аттары, әкелерінің аттары (болған жағдайда), туған күндері;

2) Заңды тұлғаның атауы, орналасқан орны, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуін (қайта тіркелуін) растайтын құжат деректемелері;

3) Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме;

4) Инсайдерлер тізіміне енгізуге негіздеме туындаған күн;

5) Инсайдерлер тізімінен шығарылған күн. Инсайдерлер тізімінен шығару күні болып бұл тармақшада шарт әрекеті тоқтаған күн саналады.

6.4 Инсайдерлерді Қоғамның инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалар тізіміне осы тұлғалар туралы мәлімет алынған күннен бір жұмыс күн ішінде Қоғамның тағайындалған лауазымды тұлғасы енгізеді.

6.5 Қоғамның инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығы берілетін қызметкерлері еңбек міндеттемелерін орындамас бұрын персоналмен жұмыс жөніндегі қызметте осы Ережелермен танысады да осы Ережелердің №2 Қосымшасындағы форма бойынша инсайдерлік ақпаратқа қатысты мәліметтерді жарияламау туралы жазбаша Міндеттемені толтырады. Бұл қызметкерлер аталған мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету мақсатында оларға қойылған талаптарды нақты орындауға жауапты болады.

6.6 Қоғамның дауыс бері акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлесінің) он немесе одан да көп процентін тікелей не жанама ұстау, пайдалану және (немесе) иелік ету арқалы инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғаларын Қоғам осы тұлғалар туралы осы Ережелердің 6.3.2 тармағында көрсетілген ақпараттарды алған күннен соң үш жұмыс күні ішінде оларды Тізімге енгізу (тізімнен шығару) туралы хабардар етеді.

6.7 Осы Ережелердің 3 бабының 3.6 тармағының 5)-6) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлерді Қоғам осы тұлғалар туралы қажетті ақпараттарды алған күннен соң үш жұмыс күні ішінде оларды Тізімге енгізу (тізімнен шығару) туралы хабардар етеді.

6.8 Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғаларды оларды инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие тұлғалар Тізіміне енгізу (Тізімінен шығару) туралы Қоғамның хабарламасы (Ережелердің №3 Қосымшасы) аталған тұлғалардың оны ешқандай жағдайда да жеке мақсаттарына қолдануға, үшінші тұлғаға таратуға құқығы жоқ екендері туралы ескертуді қамтиды және аталған мәліметтерді жарияламау мерзімі оларды Тізімнен шығарғаннан кейін бес жылды құрайды.

7 Инсайдерлік ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету тәртібі

7.1 Қоғам инсайдерлері (оның ішінде инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығына уақытша ие тұлғалар да) міндетті:

1) Инсайдерлік ақпаратты тек осы Ережелерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай қолдануға;

2) Инсайдерлердің Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген міндеттерін, инсайдерлік ақпаратты қолдануға салынатын тыйымдарды қоса ұстануға;

3) Инсайдерлік ақпараттың сақталуын және құпиялығын қамтамасыз етуге.

7.2 Қоғам инсайдерлеріне (оның ішінде инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділік құқығына уақытша ие тұлғаларға да) тыйым салынады:

1) Инсайдерлік ақпаратты бағалы қағаздармен мәміле жасау кезінде пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында қарастырылған жағдайлардан басқаларда инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге немесе қолжетімді етуге;

3) Инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасау туралы ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беруге.

7.3 Қоғам инсайдерлерінің тізіміне енгізілген жеке тұлғалар инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікке ие инсайдерлер тізімінен шығарылғанда Қоғамға қолындағы инсайдерлік ақпараты бар барлық ақпарат тасымалдағыштарды беруге міндетті;

7.4 Қоғам қызметкерлері инсайдерлік ақпараты бар құжаттарды, файлдарды, сайттердің (сақтау қоймаларының) кілттерін, рұқсат қағаздарын жоғалтқан не жетіспеушілігін анықтаған жағдайда, немесе инсайдерлік ақпаратқа рұқсатсыз қолжеткізгісі келген жағдайды және осыған ұқсас деректер мен жағдайларды анықтағанда өзінің тікелей бастығына немесе оның міндетін атқарушы тұлғаға дереу хабарлауға міндетті.

7.5 Қоғамның өз қызметінде инсайдерлік ақпаратты пайдаланатын құрылымдық бөлімшелері инсайдерлік ақпараттардың сақталуын осы Ережелердің және Қоғамның басқа да ішкі құжаттарының талаптарына сай инсайдерлік ақпараттың тиісті құпиялық режимін қамтамасыз ететін жағдайда жүзеге асырулары керек.

7.6 Қоғам бөлімшелері инсайдерлік ақпараттарды құпиялық режимде сақтауы үшін қажетті ұйымдастырушылық-техникалық жағдайларды қамтамасыз етеді, оның ішінде төмендегілерді қамтамасыз етеді:

1) Тиісті талаптарды еңбек және азаматтық-құқықтық шарттарға енгізу арқылы;

2) Ақпараттың жоғалуынан және оған рұқсатсыз қолжеткізуден, оның ішінде байланыс каналдары арқылы қол жеткізуден сақтайтын инсайдерлік ақпараттық құпиялығын қорғау құралдары мен ақпараттық-техникалық жүйенің болуын;

3) ішкі құжаттарға сай анықталатын басқа да шараларды.

8 Қорытынды ережелер

8.1 Осы Ережелер, оған толықтырулар мен өзгертулер Қазақстан Республикасы заңнамасына сай анықталған қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының аумағында қызмет ететін қор биржасының интернет-ресурсында жарияланады, сондай-ақ Қоғаммен мүдделі тұлғалардың сұранысы бойынша Ережелер көшірмелерін ұсыну кезінде оны дайындауға жұмсалған шығын мөлшерінен аспайтын мөлшердегі төлемнен тыс төлемақы алмай ұсынылады.

8.2 Осы Ережелердің талаптары Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарына сай келмесе Қазақстан Республикасының заңнамаларының талаптарына басымдық беріледі.

**«Марганец Жайрема» АҚ инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және
оны пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне
№1 Қосымша**

«Марганец Жайрема» акционерлік қоғамының инсайдерлік
ақпараттарына қолжетімділік құқығына ие тұлғалардың
«__» _____ 20__ жыл жағдайындағы тізімі
(Форма)

№ р/р	Жеке тұлғаның фамилиясы, аты, әкесінің аты (болған кезде)/заңды тұлғаның атауы	Туған күні	Жеке тұлғаның лауазымы /заңды тұлғаның орналасқан орны және мемлекеттік тіркеуін растайтын құжаттың деректемелері	Тізімге енгізуге негіздеме *	Тізімге енгізуге негіздеме туындаған күн	Тізімнен шығарыл ған күні	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8

*ҚР «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 56-1 бабының 3 тармағының тармақшасына сай

**«Марганец Жайрема» АҚ инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және
оны пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне
№2 Қосымша**

Инсайдерлік ақпаратқа қатысты мәліметтерді жария етпеу туралы
МІНДЕТТЕМЕ
(Форма)

Мен, _____, «Марганец Жайрема» АҚ қызметкері (қызметшісі) ретінде осы лауазымда еңбек міндеттемелерімді орындау кезінде және ол аяқталғаннан кейін бес жыл бойында мыналарға міндеттенемін:

1. Маған жұмыс бабымен сеніп тапсырылатын немесе белгілі болатын Қоғамның инсайдерлік ақпаратынан тұратын мәліметтерді жарияламауға.

2. Басшылықтың келісімінсіз Қоғамның инсайдерлік ақпаратынан тұратын мәліметтерді үшінші тұлғаларға бермеуге және көпшілікке жарияламауға.

3. Қоғамның инсайдерлік ақпаратының сақталуын қамтамасыз ету бойынша маған қатысты бұйрықтардың, нұсқаулықтар мен ережелердің талаптарын орындауға.

4. Бөтен адамдар менен Қоғамның инсайдерлік ақпаратынан тұратын мәліметті алуға әрекет еткен жағдайда дереу Қоғам басшысына хабарлауға.

5. Искери қатынастағы ұйымдардың инсайдерлік ақпаратын құпия сақтауға.

6. Қоғамның инсайдерлік ақпараты туралы білетінімді Қоғамға бәсекелес әрекет ретінде зиянын тигізетін кез келген қызметі атқаруға пайдаланбауға.

7. Қоғамның инсайдерлік ақпаратын жариялауға әкелу мүмкін деректер туралы, сондай-ақ мәліметтердің таралу ықтималдығының себептері мен жағдайлары туралы өзім бағынатын басшыға дереу хабарлауға.

8. Маған инсайдерлік ақпаратты пайдалануды ішкі бақылау Ережелерінің тиісті талаптары түсіндірілді.

(еңбек шарты бойынша лауазымы, Ф.А.Ж., қолы, күні)

**«Марганец Жайрема» АҚ инсайдерлік ақпаратқа иелік ету және
оны пайдалануды ішкі бақылау ережелеріне
№3 Қосымша**

«Марганец Жайрема» акционерлік қоғамының
инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік құқығына ие
тұлғалар тізіміне енгізу (тізімінен шығару) туралы хабарлама
(Форма)

Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының 56-1 бабына және Сіз ұсынған ақпаратқа сай «Марганец Жайрема» АҚ Сіздің «__» _____ 20__ жылдан бастап «Марганец Жайрема» АҚ инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалар Тізіміне енгізілгеніңіз (Тізімінен шығарылғаныңыз) туралы хабарлайды.

«Марганец Жайрема» АҚ Сіздің «Марганец Жайрема» АҚ инсайдерлік ақпаратын жеке мақсатта пайдалануға, үшінші тұлғаларға таратуға ешқандай жағдайда да құқығыңыз жоқтығын ескертеді.

Аталған мәліметтерді жарияламау мерзімі Сіздің «Марганец Жайрема» АҚ инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие тұлғалар Тізімінен шығарылғаныңыздан кейін бес жылды құрайды.



УТВЕРЖДЕНО

Решением заочного заседания
Совета Директоров
АО «Марганец Жайрема»
от «16» сентября 2020 г. № 5

Срок действия: бессрочно

**Правила
внутреннего контроля за распоряжением и использованием
инсайдерской информации АО «Марганец Жайрема»**

2020 г.

Предисловие

1 УТВЕРЖДЕНО Решением заочного заседания Совета Директоров АО «Марганец Жайрема» от «16» сентября 2020 г. № 5

2 РАЗРАБОТАНО на основании Устава АО «Марганец Жайрема», Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг», Постановления Правления Национального Банка РК от 26.07.2019 года №124

Содержание

1	Общие положения	4
2	Основные понятия	4
3	Перечень информации, относящейся к инсайдерской, инсайдеры Общества	4
4	Порядок и сроки раскрытия инсайдерской информации	7
5	Порядок внутреннего контроля для разграничения прав доступа к инсайдерской информации и недопущения возможности неправомерного использования такой информации инсайдерами	7
6	Список инсайдеров, порядок и сроки предоставления информации о лицах, обладающих доступом к инсайдерской информации, порядок и сроки уведомления лиц, обладающих доступом к инсайдерской информации, в случаях их включения (исключения) в Список (из Списка) лиц, обладающих доступом к инсайдерской информации	8
7	Порядок обеспечения конфиденциальности инсайдерской информации	10
8	Заключительные положения	11
	Приложение №1 - Список лиц, обладающих доступом к инсайдерской информации акционерного общества «Марганец Жайрема» (Форма)	12
	Приложение №2 - Обязательство о неразглашении сведений, относящихся к инсайдерской информации (Форма)	13
	Приложение №3 - Уведомление о включении (исключении) в Список (из Списка) лиц, обладающих доступом к инсайдерской информации акционерного общества «Марганец Жайрема» (Форма)	14
	Лист ознакомления	15
	Лист регистрации изменений	16

1 Общие положения

1.1 Настоящие Правила являются внутренним документом акционерного общества «Марганец Жайрема» (далее – Общество или АО «Марганец Жайрема»), разработаны и утверждены в соответствии с требованиями статьи 56-1 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг», Постановления Правления Национального Банка РК от 26.07.2019 года №124, внутренними документами Общества и устанавливают порядок и условия контроля за распоряжением и использованием информации, касающейся деятельности Общества и не являющейся общедоступной.

1.2 Настоящие Правила регламентируют порядок осуществления внутреннего контроля за распоряжением и использованием инсайдерской информации и содержат:

- 1) перечень информации, относящейся к инсайдерской;
